



АҚОРДА


АҚ ҮЙДЕН ХАТ КЕЛДІ

Америка Құрама Штаттарының президенті Дональд Трамп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа жеделхат жолдағанын баспасөз хатшысы Айдос Үкібай Twitter парақшасында жариялаған еді.

Хатта: «Сіздің еліңіз үшін тарихи кезеңмен құттықтаймын. 30 жылға жуық ел басқарғаннан кейін жемісті мұрагер қалдырып отырсыз, транзиттің ретімен өтуі үшін Конституциялық процедураны қолдану шешіміңізді құптаймын. Сіздің өткен жылы Ақ үйге келгендегі

бизнес жобалардың табысты іске асып жатқандығына қуанышты екендігін жеткізген.

Бұл туралы Н. Назарбаев Америка Құрама Штаттарының еліміздегі Төтенше және өкілетті елшісі Уильям Мозерді қабылдау барысында да сөз болды. «Мен Президент Трамптың хатын алдым. Ол біздің өмірдегі ахуал туралы алдағы уақытта да менімен кездесіп, ақылдасып отыруға ниетті екенін жеткізді. Дональд Трамппен жақсы қарым-



құттықтап, жауапты қызметінің табысты болуына ниеттестік білдірді. Осы жылдар ішінде АҚШ-пен өзара түсіністікке және достыққа негізделген қатынас орнатылды. АҚШ-тан қомақты инвестиция келді. Айталық 2005 жылдан бері америкалық компаниялар Қазақстан экономикасына 30 миллиард долларға жуық қаражат құйған. Қазір 420 бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп тұр.

Н.Назарбаевтың Вашингтонға жасаған былтырғы сапары, соның аясында Президент Дональд Трамппен және бизнесмендермен болған кездесуі ынтымақтастықты одан әрі дамытуға жағдай жасады.

Ж.ӘШІМХАНҰЛЫ



сапарыңыз Америка Құрама Штаттары мен Қазақстанның ынтымақтастығы үшін маңызды қадам болды. Біз екіжақты қарым-қатынастарда жоғары жетістіктерге қол жеткіздік», — делінген.

АҚШ президенті Елбасы Назарбаевтың байсалды басшылығымен Қазақстанның жаһандық жетістікке жеткенін ерекше атап өткен. Сондай-ақ еліміздегі американдық

қатынас орнады. Мен осындай байланыста болуға дайынмын. Біз үшін АҚШ маңызды серіктес саналады. Осы жылдар ішінде арамызда тек достық қатынастар болды. Ынтымақтастығымыз жалғаса береді деп сенемін», — деді еліміздің Тұңғыш Президенті.

Елбасы Уильям Мозерді Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының басталуымен



4 ЖИҢАНКЕЗ

ТОҚЫМА
ӨНЕРІМЕН
ТАМСАНДЫРҒАН

5 ТАТУЛЫҚ –
ТҰРАҚТЫЛЫҚ
КЕПІЛІ

6 БАЛА
ҚАРИ

8

on the web
JASQAZAQ.KZ

БІЗ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘРБІР АЗАМАТЫНА ТЕҢ
МҮМКІНДІК ЖАСАЙТЫН
ДАМЫҒАН, ӘДІЛЕТТІ
ҚОҒАМ ОРНАТАМЫЗ

Тоқаев

САБАҚТАСТЫҚ

- ҚОҒАМ БІРЛІГІН САҚТАУ.
- ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТЫП, ТАБЫСЫН АРТТЫРУ.
- ЕЛБАСЫ БАСТАҒАН БАРЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ МҮЛТІКСІЗ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӘРІ ҚАРАЙ ДАМУ.
- ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ АРҚЫЛЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗДІ АРТТЫРУ.

ӘДІЛДІК

- ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ЖӘНЕ ӘДІЛ СОТ ТӨРЕЛІГІ.
- ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК.
- ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ТҮП-ТАМЫРЫМЕН ЖОЮ.
- ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІ.
- САЛАУАТТЫ ҰЛТ: МЕДИЦИНАНЫҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ.
- ЗИЯЛЫ ҰЛТ: БАРШАҒА АРНАЛҒАН – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ СТАНДАРТТАРЫ.
- ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ.
- ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ.

ӨРЛЕУ

- ҚАРҚЫНДЫ ЭКОНОМИКА.
- ЗАМАНАУИ ЖӘНЕ ТҰРМЫСЫ ЖОҒАРЫ АУЫЛ.
- ДАМЫҒАН ЖЕКЕ СЕКТОР ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК.
- ТИІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖҮЙЕ.
- ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕЛІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ.
- ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА, ТАЗА ЭКОЛОГИЯ.
- ҚУАТТЫ Өңір – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН.
- ӨЗГЕРМЕЛІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨРЛЕУІ.
- САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ АУЫСУЫ.
- ӨРЛЕУДІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ – ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ.

ИГІЛІК БАРШАҒА!

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасынан

БИЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы аптада жұмыс сапарымен аймақтарды аралады. Алдымен Батыс Қазақстан облысына барды. Орал қаласында жұртшылықпен кездесіп, бірнеше әлеуметтік нысанды көзбен көрді. Әрине, облыс басшысының қызметіне көңілі толғанымен, алда тұрған шаруа, міндеттер көптігін басса айтты. Соның бірі – инвестиция тарту. Президент жүктеген екінші міндет – ауыл шаруашылығы кешенін дамыту.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Өңір экономикасының драйвері – табысты кәсіпкерлік ауқымын кеңейту. Әзірге бизнестің дамуы өңірде біркелкі емес. Шағын және орта бизнестің 90% астамы, сонда қамтылған халықтың 80% Орал қаласы мен Бөрлі ауданына тиесілі. Неліктен өзге аудандардың әкімдері аймақта шағын бизнестің дамуын ынталандырмайды?

Қазір Орынбор күре жолы мен Казталовка, Жәнібек, Бөкей ордасы секілді үш ауданда жолды қайта жанғырту жұмыстары жүріп жатқанын тілге тиек

мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін марапаттады. Жүздесу барысында өңірде болған тосын оқиға да назардан тыс қалмады. Президент



ӨҢІРІ ӨРКЕНДЕГЕН ЕЛ – ӘЛЕУЕТТІ

Тұрғындар мемлекет беретін мүмкіндіктер туралы біле ме? Бұл — таяу уақытта жауап берілуі тиіс басқа сауал. Әкімдік тұрғындарды кәсіпкерлік бағдарламасына көбірек тартып, бизнес негіздеріне оқытып, шағын несие беруді кеңейту керек. Қолжетімді тұрғын үй, сапалы ауыз су, тегіс жол. Қарапайым казакстандықтардың өмірін жайлы етудің негізгі факторлары осы болып тұр. Былайғы қарасаң, киын ештенесі жоқ. Бірақ аймақ жұртын алаңдатады. Мұнда ауылдағы ағайынның 45% ғана орталықтандырылған құбыр жүйесінен су ішеді», — делі.

Президент бұл мәселені түбегейлі шешуді тапсырды. Сонымен бірге өзекті мәселенің бірі — жол екенін айтты. Жолдың 70 пайызы мәз емес. Мұндай жағдайды сын көтермейді. Бұл азаматтардың тек күнделікті өміріне ғана кері әсер етіп қоймай, өңірдің экспорттық-транзиттік әлеуетіне де кері әсер етеді.

еткен Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдікке бұл жұмыстарды 2021 жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырды. Сондай-ақ жаңадан салынған ауруханада болып, орталық жұмысымен танысты.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ қуатты трансформатор жасау процесімен танысып, зауыттың дайын өнімдерін көрді. Өндіріс орнының жобалық қуаты жылына 10 мың трансформатор шығаруға есептелген. Өнімнің 95% Ресейге саудаланады. Кәсіпорында қазір 600 адам еңбек етеді.

Батыс Қазақстан облысы — ең елеулі өңірдің бірі. Негізгі себебі — шекарада тұр әрі геосаяси салмағы басым. Бұл аймақтың экономикасы қуатты, әлеуеті мығым, руханияты бай болуы тиіс. Президент өңірдегі он өзгерістерге бағасын берді, кемшілігін мензеді. Тұтас алғанда батыс қақпа берік тұр деп сеніммен айтуға болады.

Президенттің одан кейінгі сапары Атырауда жалғасты. Жайықтағы жүздесу кезінде Қ.Тоқаев үздік әскерилер

еліміздегі мемлекеттік қызмет туралы заңға томпақ. Яғни мемлекеттік қызметкерге сыйлық алуға болмайды.

Қ.Тоқаевтың жұмыс сапары одан кейін Қызылорда облысында жалғасты. Сыр бойына жасаған сапарында кіші Арал мәселесін шешу үшін жедел шара қолдануды тапсырды. Twitter желісіндегі парақшасында «Мәселелер мұнымен шектелмейді. Көкарап бөгетінің төменгі жағын Сырдария ағыны бұзып жатыр. Дереву қолға алмасақ, кіші Аралдан айырылып қалуымыз мүмкін. Осы уақытқа дейін жиналған 27 млрд текше метр су зая кетпеуі керек. Үкімет пен әкімдікке шаралар қабылдауды тапсырамын», — деп жазады.

Президентті өңірлерге жасаған жұмыс сапарында бірқатар кемшіліктерді түзетуге тапсырма беріп, аймақтардың әлеуетін дамыту қазақ елінің құретамырына қан жүгірту керектігін айрықша атап өтті.

(Өз тілшіміз)

Олег СМОЛЯКОВ,

Ұлттық банк төрағасының орынбасары:

«Бүгінде онлайн несие беретін ұйымдар көп. Аталған құрылымдар көп жағдайда халыққа жалақыға дейін ақшаны қарызға алуды ұсынады. Ондай шағын несиелердің мөлшерлемесі де тым жоғары. Соның салдарынан тұрғындар қарызға белшесінен батып, ақшаны қайтара алмай жатады. Ал онлайн несие берушілер бірқатар шектеуге қарамастан, өз қызметтерін жалғастыра береді. Осыған байланысты арнайы заң жобасы аясында жаңа жүйені енгізу жоспарланып отыр».



Аманжан ЖАМАЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Екінші деңгейдегі банк қызметкерлері мен сауда орындарында несие беретін қызметкерлердің жұмысына тәргеу жүргізілсе. Олардың тұтынушыларды алдап, жалған жарнама беруіне шектеу қою керек. Сонымен қатар коллекторлық қызметтің жұмысына бақылау жасалса игі. Себебі олар аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік көмегін бұғаттауды тоқтатуы тиіс».


(Өз тілшіміз)

Сөз-Жебе

Бекболат ТІЛЕУХАН,
Мәжіліс депутаты:



«Халқымызды қаржылық білім тұрғысынан білімді деп айта аламыз ба? Жоқ, айта алмаймыз. Себебі жыл сайын жаңа атпен шығатын қаржылық пирамидаларға ақшасын салып, одан опық жеп, қаржысы күйіп, инсульт алып, несиеcін жаба алмай, ағайынмен керісіп жатқан адамдар өте көп. Шетелдіктер бізге ақша бермейді. Бізден алып кетіп жатыр. Осыны түсінуіміз керек. Осыған дейін болған компаниялар миллиардтаған теңгені халықтан жинап алып, жабылып қалды. Солардың соңынан тәргеу жүргізген біреу бар ма? Бар болса, неге әшкерелемейміз?».



Әлеумет.т⁰ СЕКСЕН ЖЫЛҚЫНЫҢ СЕРГЕЛДЕҢІ

Бұрынғылар «Мал ашуы — жан ашуы» деуші еді. Қазір де солай. Қорандағы адал малынды алдырғаннан артық ашу болсын ба? Бұрын барымта деген бөле бар еді. Күші жеткендер мен жауласып жүрген ауылдар бір-бірінің даладағы жылқысын үйірімен айдап кететін. Қазір ондай барымта жоқ. Есесіне, алаяқтардың дәурені жүріп-ақ тұр. Қойынды қорасымен, жылкынды үйірімен айдап кете береді. Жер-көктен таппай, шырылдайсың да қаласын. Бұрын барымтанын «ізі» болушы еді. Қазіргі ұрылар малды аспанмен айдай ма, әлде жеті кат жер астына тығып қоя ма? Қысқасы, таптырмайды. Өйткені бүгінгі ұры-қарылар құрықты алысқа тастайды. Ауыл арасында тоқты-торпақ жоғалмаса, үйірлі жылқыға жау жақыннан келмейді. Мәселен, мал ұрлығы тыйылмай тұрған Жетісу жерінде алаяқтар бір ауданның малын екінші ауданға апарып, ол жактың малын басқа ауданға апарып жасырып, сойып сатып жіберу әдетке айналған. Осы аптада 80 жылқының түбіне жеткен төрт бауқеспе құрықталды. Алматы облыстық полиция департаменті хабарлағандай, ұрланған малдың тең жартысы бөтен аламдардың қорасынан табылса, қалғанын, яғни 43 жылқыны әлгі алаяқтар сойып, соғымға сатып жіберіпті. Онысын өздері де мойындап отыр.

Осыдан тоғыз ай бұрын, нақтырақ айтсақ, былтыр қыркүйекте жылқысын алдырған шаруа малын басқа ауданнан тапқан. Бірақ ұрылар малдың ен-танбасын өзгертіп тастапты. Жылқы иесінің айтуынша, «Ш» деген таңбаның үстіне қайтадан жаңа таңба басып, белгіні өзгертуге тырысқан. Бірақ ескі таңба көрініп тұр.

Әлгі төрт адамнан құралған топ Талдықорған мен Қаратал, Кербұлақ аудандарына ауыз салып келіпті. Бәрі — бір ауылдың азаматтары. Жастары 20-дан 40-қа дейінгі бауқеспелер 80 жылқыны ұрлағанын мойындап, тіпті сатқан жерлеріне дейін айтып беріпті. Ұрылардың біреуі: «Мақтыбай ауылында Сұлтан дегенге апардық. Сосын Мұқыр, Бекболат деген жерге апардық. Малды солай ұрладық. Қазір қатты өкінемін», — дейді. Өкінбей қайтсін?! Мойындарына алған малдың құны 20 миллион теңгеден асып кеткен.

Облыстық полиция департаментінің ресми өкілі Серік Үниеф журналистерге берген сұхбатында: «Олар негізінен Қаратал және Ескелді аудандары мен Талдықорған қаласының аумағында ұрлық қылған. Ұрланған жылқыны сатып алатын бірнеше азамат пен мал етін сататын орындардың анықталғанын айта кету кажет», — дейді. Демек, ұйымдасқан қылмысқа қатысты мал етін сатып алғандар да жазадан тыс қалмайды деген сөз.

Жетісулықтарды шырылдатып жүргендер жалғыз бұл төртеу емес. Осыдан 5 ай бұрын ұсақ мал ұрлығымен айналысқан қылмыстық топ қолға түскен еді. Полиция олардың анау-мынау емес, бағасы бас шайқататын 312 койды қолды қылғанын мәлімдеген-ді. Олар тіпті малды сатып алған үйдің иесін де көрсетіпті. Бірақ әлгі 312 тұяқтың барлығы бірдей әлі күнге иелеріне қайтарылмаған. Қойын алдырған шаруа Ержан Ысмағұлов «108 тұяқ кой осы үйден табылып отыр», — деп, полишейлерге үйді көрсетіп берген. Бас прокуратураға дейін шағымданыпты. Олар істі облысқа тапсырған көрінеді. Қойшы, сиырқұйымшақтанған іс ақыр соңында сұйылып кеткен. Шаруалардың айтуынша, күдіктілер кепілмен босатылыпты. Ал қылмыстық істің басталғанына бес ай болса да, іс сотқа жетпеген. Жалпы, жыл басынан бері бұл өңірде мал ұрлығына қатысты 34 топ ұсталған.

Қысқасы, ұры-қары басынып тұр. Ал мал шетінде жүрген шаруа полицейлерден үміт күтеді. Әзірге онысы орындалар емес.

Жарас ШӨКЕ



Қызықтар

ӨШ АЛҒАН ТҮРІ

Павлодар тұрғыны жедел жәрдемге қоңырау шалып, әйелінің қатты науқастанып жатқанын айтады. Дәрігерлер келгенде ер адам пөтерден шығып, оларды сыртынан жауып тастаған.



Ол мұндай әрекетке неге барғанын ақ халаттыларды күтуден шаршауымен байланыстырған. Мұның заңсыз екендігін түсінсе де, жедел жәрдем қызметіне өкпе-ренішін осылай жеткізуге тырысқан. Павлодар облыстық жедел медициналық жәрдем стансасының баспасөз қызметі хабарлағандай, дәрігерлер полицияға жүгініп, бұзақыға қатысты әкімшілік іс қозғалды. Ал құқық бұзушы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұлмен құтылды.

«Жусан – 2»

Қазір Сирия десе оқ пен от бораған қанды майдан көз алдыңызға келеді. Ойлаудың өзі қорқынышты. Бұл ел – үрей билеген үй секілді. Өкініштісі сол, отты нүктеден шалғайда жатқан еліміз сырт қала алмай отыр. Өйткені өртүрлі себеппен, азғырумен шекара асқандардың арасында өзіміздің қаракөздер де бар. Барарын барып, қалай қайтарын білмегендер қыз-жігіттердің жандүниесі құлазып жүр. Сондықтан олардың тағдырына бей-жай қарауға болмайды. Осыған байланысты еліміз адамгершіліктің үлгісін көрсетті. Бұған дәлел ретінде 2019 жылдың 5-6 қаңтары күндері арнайы ұйымдастырылған «Жусан» операциясымен 47 жерлесіміз Сириядан елге оралғанын айтуға болады. Бүгінде Сирияның соғыс аймағындағы лагерьлерде отырған жүздеген қазақ әйелі әлі де кері оралуды аңсап, елге жылап сөлем айтуда... Міне, олардың ата-аналары төрт айдан бері асыға күткен «Жусан – 2» операциясы 7-9 мамыр күндері іске асты.

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

3

— 43 бала, ал 12 жастан асқан 6 бала бар. Қарадомалақтардың жартысынан көбі шетелде өмірге келген. Жалпы «Жусан – 2» операциясының екінші кезеңінде елге қайтарылған азаматтар Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, сондай-ақ Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Түркістан және Маңғыстау облыстарының тумалары.

Қазіргі күні 55 әйел баласымен бірге Ақтау қаласының маңындағы арнайы оналту орталығына бір ай мерзімге орналастырылған. Медициналық тексеруден өтіп, арнайы карантин белгіленген. Құжаттарын қалпына келтіру бойынша көмек көрсетілді. Сонымен бірге олардың террористік іс-әрекеттерге қаншалықты қатыстылығына тексеру жүргізілуде. Келергі келтіретін жағдай болмаса, карантин мерзімі аяқтала сала, әйелдер мен балалар бұрынғы мекен жайларына қайтарылады.

ЖҰМАҚ ІЗДЕП КЕТІП ЕДІ...

Бұл жолы Сириядан 231 отандасымыз елге жеткізілді. Арнайы ұшақ Ақтау қаласына таңғы сағат 05:20-да қонды. Бірнеше бала соғыс салдарынан жаракат алып, ауыр халде жеткізілген. Сембілмен түсірілген жаралылар мен науқастардың арасында әйелдер де бар. Жұмақ өмірді іздеп барып, исламға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қанды соғысты, кісі өлтіру, зорлық-зомбылық сияқты шектен шыққан сорақылықтарды көзімен көрген қандастарымыздың, әсіресе күнәсіз балалардың халі өте аянышты.

Қазақ ежелден жетімі мен жесірін жылатпаған, қаңғытпаған. Олар бір кезде Отанын сатып кетсе де, сол қасиетті жері оларды қайтадан бауырына басты. Өздерінің соқыр сенімінің кесірінен балаларын жат жерде телміртіп, аш-жалаңаш қорлық көруге себепкер болғандарды кешірді. Оқ пен оттың ортасына жұмақ іздеп келгендерді жылы жүрекпен қарсы алды. Бұл оқиғаға қатысты Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев: «Менің тапсырмам бойынша 7 және 9 мамыр күндері Сириядан 231 Қазақстан азаматы елге жеткізілді. Оның 156-сы — балалар, дені мектеп жасына дейінгі жасөспірім. Оның ішінде 18-і жетім бала. Бұл ауқымды гуманитарлық акция — Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен биыл қаңтар айында жүргізілген «Жусан» операциясының жалғасы. Олардың жасаған қателігі үшін балалары өзге елде қиналып, зардап шекпеуі тиіс. Қазақстан терроризммен күрес жүргізу, сондай-ақ

қиын жағдайда қалған азаматтарына қол ұшын созу міндеттемелерінен бас тартпайды. Гуманитарлық акция жалғаса береді. Біз өз азаматтарымыздың тағдырына ешқашан бей-жай қарамаймыз», — деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан терроризммен күрес жүргізу, сондай-ақ қиын жағдайда қалған азаматтарына қол ұшын созу міндеттемелерінен бас тартпайтындығын айтты. Гуманитарлық акция жалғаса береді. Ал аталған гуманитарлық операцияға қатысқан сыртқы істер министрлігінің,

бойын үрей мен өкініш билеп өмір сүрген, сұрапыл сұмдықтың тірі куәгерлері — қандастарымыздың қасіретті тіршілігі тал түсте аласу салдарынан болғаны анық. «Адасканның алды — жөн, арты — соқпақ», — деп Абай атамыз айтпақшы, бейбіт күнде айдалада қан кешкен қазақтың ұрпағының бастан өткерген қиындығы өзгелерге сабақ болуы тиіс. Олардың кейбірінің ойында не жатқаны да өзгелерге түсініксіз. Елге табан тірегеннен кейін 16 ер адам мен 4 әйел лаңкестік іс-әрекетке қатысы бар деген күдікпен тұтқынға алынғаны да ойға қалдырады. Ендігі

Осылайша, Сириядан жұмақ іздеп кеткендер елге оралды. Айтқан әңгімелері адам сенгісіз. Бірақ арғы жағында ашы шындық жатыр. Теріс ағымдағы содырлар Сирияда әйелдерге мал секілді қараған. Тыныш күн көрсетпеген. Араларында бірнеше рет күйеуге тигендері де бар. Сирия сойқанының арғы жағында не тұрғанын білмейтін соқталдай жігіттер содырлардың қатарында кім, не үшін соғыскандарын да білмейді. Сұрапыл аймаққа аттанған бір жігіттің анасы: «Ұлым жоғары білімді еді. Қарапайым тілмен айтқанда «алтын бала» болатын. Оқуын «қызыл дипломға» тәмамдаған. Әке-шешесін еніретіп, жат жерге кетіп қалады деп үш ұйықтасам да түсіме кірмеді. Теріс ағымдағылар оның миын улап тастаған болуы керек. Бұл өзгелеріне үлкен сабақ болса деймін. Қатты қайғырып отырмын», — дейді.

Өкінішке қарай, еліміздің 300-ге жуық азаматы Сирияда әлі жүр. Араларында 170-ке жуық бала бар. Олар жыл соңына дейін елге жеткізілуі мүмкін. Кейбір деректерге қарағанда, осы кезге дейін Шам өлкесінде ұзын саны 300-дей отандасымыз мерт болыпты.

Айтпақшы, биыл қаңтар айында елге оралған әйелдер бұрынғы радикалдық өмірінен бас тартқан. Жұмысқа орналасып, туыстарымен қайта байланыс орнатты. Балалары мектепке, балабақшаға барды. Олар ойсыз қадамға лаңкестердің теріс, шын мәнінде, жалған үгіт-насихатының ықпалымен барғанын айтады. Бірақ лаңкестік әрекеттерге саналы түрде барғандар заң алдындағы жауапкершіліктен құтыла алмасы анық.

Ұлдай САРИЕВА,
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Ғасыр ізі

КӨНЕ ЖӘДІГЕР

Тараз қаласында қарахандықтар дәуіріне тиесілі құнды жәдігерлер табылды. Тарихи заттар «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығының маңынан қазылып алынды. Оны құрылысшылар газ құбырын тарту кезінде кездейсоқ тауып алған. Археолог ғалымдардың айтуынша, табылған тарихи

дүниелер орта ғасырлардағы көне Тараз жайында жаңа деректерді ашуға мүмкіндік береді.

Асхат РАЙҚҰЛ
Фото: автордан
baq.kz

Әуежолы

«ЭЙР АСТАНАҒА» – 17 ЖЫЛ

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен 2011 жылы құрылған «Эйр Астана» әуе компаниясына биыл 17 жыл толды. Ең алғашқы рейс 2002 жылдың мамыр айында жүзеге асқан еді. Бүгінгі күнге дейін әуе компаниясы 44 миллион жолаушы тасып, 493 мың рейсті сәтті орындады.

Компанияны құруға еліміздің Үкіметі мен BAE Systems компаниясы әрқайсысы 1,2 млрд АҚШ долларын жұмсады. «Эйр Астананың» 17 жылдығын FlyArystan бюджеттік бөлімшесінің рейсін іске қосуымен ерекшеленді. Отандық лоукостер алғаш рет 1 мамырда Алматыдан Елордаға және Таразға сапарға шықты. Сондай-ақ әуе компаниясы Қарағанды, Орал, Павлодар және Шымкент қалаларына қатынайды. Биыл «Эйр Астананың» әуе паркі Embraer 190 E-2 екінші ұшағымен толықты. Қалған үш әуе кемесі жылдың соңына дейін жеткізілуі тиіс. Әуе кемесі Қазақстан бойынша, Ресейге, Орталық Азияға, Кавказға, Украинаға және Қытайдың Үрімші қаласына сапарға шығады. Сәуірден бастап «Эйр Астана» Алматыдан Ташкентке қосымша 3, ал Нұр-Сұлтаннан 2 рейсті енгізді.

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ЖІБЕКПЕН ЖҰРТҚА ТАНЫЛҒАН

Жолсапар


Газетіміздің өткен санында (№18-19.7 мамыр) «Жоқтан бар жасауда» деген атпен Қытайдың Оңтүстік Шыңжаң өлкесіндегі ұйғыр шаруалардың құмға алма, жаңғақ өсіріп, мол өнім алып отырғаны туралы жазғанбыз. Бүгін сол өлкедегі шаруалар өміріне тағы да тоқталмақшымыз. Яғни Қытайдың сан ғасырдан бері мақтанышы болған жібек өндірісінің дәстүрлі технологиясының қыр-сырынан хабардар боласыздар. Ғылымы мен технологиясы озық бола тұрып, бірнеше мың жылдық көне технологиямен жібек өндіріп отырған шаруалардың жұмысы, шынында жапалаы.

Қытай — жібектің отаны. Бірақ қазақта «Жібекті жүн қылады түте алмаған» деген өлең жолы бар. Соған қарағанда, жібектің қазақ тұрмысындағы бағасы арзан, құны төмен болмаса керек-ті.

Хотан қаласына қонған күні жолбастаушылардың бірі - осы өңірдің мақтанышы саналатын жібек өндірісіне баратынымызды алдын ала ескертті. Бұрын жібек матаның қымбат, жібек жіптің қара базардан табыла бермейтінін білетінбіз. Сондықтан бұл хабарға іштей қуанып қалдық.

Бір күннен кейін бізді Хотан қаласынан 50-60 шақырым жердегі шағын ауданға алып келді. Жергілікті әкімнің айтуынша, 97 пайыз ұйғырлар тұратын ауданның бренді — жібек шаруашылығы.

Жарты гектарға жуық аумаққа салынған өндіріс орталығын рет-ретімен араладық. Бірінші кіргеніміз жібек құртын өсіретін бөлме. Тұт ағашының бұтағы мен жапырағын күн көзінен таса үлкен бөлмеге жайып тастапты. Жапырақтың арасында тұт көбелегі ұшып-қонады. Жапырақ жеп, балапандаған көбелектердің ғұмыры қанша қысқа болғанымен, оның балапанынан пайда болған жібек талшығы сонша құнды. Соны білетіндей, әлгі жалп-жалп еткен сары-қоңыр көбелектер адамнан үрікпей, біреуі қолына, біреуі бетіне қонып еркелейтіндей. Ал оның



делі ме, бу қазандықтың жұмысын бізге көрсеткен жоқ.

Одан кейін жіпті өңдейтін бөлмеге кірдік. Бұл жерде талшықты тазалап, жұмсарту қолға алынған. Жұмысшы жібек жіптің әрбір талымен жұмыс істейді. Ағаштан жасалған жып-жылтыр, тегіс ысқуырмен ысып, жіптің бойындағы қажетсіз қалдықты аршып тастайды. Содан кейін қалған таза жіпті түйіншек қылып орайды. Негізі табиғи жібек жіп ақ, ақшыл, қызғылт түсті болып келеді. Тоқымашылар өздерінің қажетіне қарай жіпті әртүрлі түске бояйды. Бояудың өзі табиғи өнім, химиялық қоспасыз болуы шарт. Оған көбіне тасқына пайдаланылады. Мысалы, ұйғырдың ұлттық киімінде қызыл, сары, жасыл түс басым. Сондықтан, біз барған тоқыма цехында ашық түсті жіп түйіншектері көп болды.

Жібек өндірісіндегі ең қауырт жұмыс — тоқыма цех. Мұнда бірнеше тоқымашы ағаш құрылғыларға қаз-қатар жайғасып алып, әртүрлі бұйым тоқып жатыр. Біреуі шағын орамалдың, біреуі үлкен кілемнің аспабына жайғасқан. Көңіл үйренген жұмысқа қолда ысылып алатын көрінеді. Тоқымашылар қай жіпті қай жерге қолдануды ешкімнен сұрап жатқан жоқ. Түсінен шатасып, алабажақ бірдеме шыға ма деп ойлайсың. Бірақ олай емес, ұйғырдың кемпіркөсак түстес қызыл-сары жібек матасы керме бойында керіліп, тоқылып жатыр.

Баһаргүл есімді елуді еңсеріп қалған ұйғыр әйелмен тілдестік. Осы цехқа 13 жасында жұмысқа тұрыпты. Алғашында ошаққа от жағып, шамасы келген шаруамен айналысқан. Одан кейін тоқыма жұмысын үйреніпті.



жаңадан шыққан балапан құрттары бала күнімізде ағаш дінінен көретін кәдімгі жұлдыз құртқа қатты ұқсайды. Сол жұлдыз құрттар тұт жапырағын жеп, 40 күн дегенде денесіне жібек талшығын орап, бармақтың басындай әппак жұмыртқаға айналады. Мұны жібек қуыршағы дейді. Қуыршақ десе — қуыршақ: сопақша келген ақ мақта дерсіз.


Жібектің пайда болу үрдісі бірнеше сатыдан тұрады. Яғни жібек көбелектер жұмыртқаны бөліп, одан құрт шығады. Жұмыртқадан шыққаннан кейін, олар 28-36 күнде өсіп-жетіледі. Одан кейін жібек құртының бұйралануы немесе қуыршаққа айналуы басталады. Құрт 1000 метрге дейін жететін жінішке, нәзік жіппен өзін орайды. Орам 40-45 қабаттан тұрады, белгілі бір тәртіп бойынша оралады.

Мұндағы жұмысшылардың бәрі ұйғырлар. Дені қырық-елуден асқан ерлер мен әйелдер. Құрт өсірумен айналысатын жігіттермен әңгімелестік. Мектеп бітіре салып осында жұмысқа тұрыпты. 20 жылдан бері көбелек бағып жүр. Жібек құрты суыққа, қатты жарыққа, айғай-шуға төзімсіз болғандықтан, ерекше күтімге мұқтаж, әрі тұт ағашының жапырағын тоқтаусыз жейді. Олардың қалдықтарын күнделікті тазалап отырмаса, өліп қалуы мүмкін. «Тазалықты жаны қалайды», — дейді бақташылар.

Алғашқыда құрттарды тойдыру үшін тәулігіне тұттың 2 килограмм жапырағы кететін болса, сонына қарай олар 270 килограмм жапырақ жейді. Бақташының бірі Махмұт Мәмет «Құрттарды тәулік бойы тоқтаусыз қоректендіреміз. Күні-түні ұйықтамай күзетеміз. Бұл жұмыс ауыр. Бірақ шыдауға тура келеді. Жібек құртын өзімізден артық күтіп-бағамыз», — деп күлді.

Екінші бөлмеге өттік. Мұнда көбелек құртынан жібек талшығын айырады. Ошақ басында алпыстан асқан екі әйел отыр. Біреуі қазанда қайнап, буы бұрқыраған жібек құртын судан сүзіп алып, жіптің ұшын іздейді. Содан кейін әлгі жіптің ұшын үзіп алмай, асқан егтілікпен қасындағы серігіне ұстатады. Ол талшықты ағаштан жасалған станокқа іліп, ұршыққа иіреді. Бұл жерде өте мұқият болмасаныз, талшық үзіліп кетуі мүмкін. Сондықтан жұмысшылар аса егтілікпен жұмыс істейді. Көз де, көңіл де үйренген. Ақ мақтаның арасынан жіптің ұшын тауып, оны түйін қылмай, аршып алу — сарымайдаң қылшық суырғаннан кем жұмыс емес.

Айтпақшы, қазанға қайнатудан бұрын, 100 градус ыстық бумен әлгі көбелек құртын өлтіріп алады. Шетелден келген тілшілер шошынып қалады



Қырық жылдан бері ағаш құрылғының алдында отырған әйел бұл жұмыстың қиындығын, азапты шаруа екенін айтады. Ол: «Жұмысым жапалаы. Бірақ 40 жылдан бері бұл шаруаға үйреніп кеттім. Бір күн тоқыма тоқымасам, жібектің иісін иіскемесем, ауырып қаламын. Алатын жалақым — 2 мың юань (100 мың теңге). Көп деп айта алмаймын. Бірақ өмір сүруіме жетеді. Бір ұл, бір қызым бар. Екеуі де жұмыс істейді», — деп, тапқанына шүкір қылады.

Цех бастысының айтуынша, мұндағы жұмысшылардың айлық табысы — 2 мың мен 4 мың юань шамасында. Жібек цехтың сыртында үлкен дүкен орналасыпты. Онда цехта тоқылған барлық колөнер бұйымы қойылған. Залдың бір қанаты — қызыл-сары, көк-жасыл түсті ұйғырдың ұлттық стиліндегі киім-кешекке тұнып тұр. Екінші қанатында — жібек кілем, кілемше және әртүрлі перделер көзін жауын алады.

Бағасы арзан емес. Мәселен, Ираннан келген журналист Әли Поурахмади жұбайына арнап кәстөм (пиджак) сатып алды. Әлгі әйел киімінің бағасы 1100 юань, теңгеге шаққанда 60 мың теңгеге түсті. Ал ұзындығы — 5 метр, ені 3 метрлік кілемнің құны 40 мың юань. Оны теңгеге айналдырсаңыз, 2 мың 200 мың теңгеден кем болмайды. Қымбат! Цех қожайынының айтуынша, қиырдағы Хотанда тоқылған жібек кілемді Ішкі Қытайдан, шетелден аттай қалап сатып алатындар көп көрінеді. Қырғызстаннан келген журналист Азамат Иманалиев анасына жібек орамал сатып алды. «Қымбат емес пе?», — дедім. Ол «Сапасы бағасына сай болса, болды. Қазір қалтамдағы ақша осыған ғана жетіп тұр. Егер Қырғызстанда осындай өндіріс орны болса, бағасы қанша қымбат болса да, қажетті заттарымды сол жерден ғана сатып алатын едім. Өйткені жібек жіптен, қолдан тоқылған дүниенің құны арзан болмауы керек!», — деп, әлгі жібек орамалды сөмкесіне салды.

«Жібекті жүн қылады түте алмаған» деген өлең жолын жазбағыздың басында келтірдік. Біздің елде де тұт көбелегін өсіріп, жібектен жіп иіргендер болды. Түркістан облысы мен Жамбыл облысында осы шаруамен айналысқандар жібекті түте алмады ма, кім білсін? Әйтеуір, басы таудай аяғы қылдай болған. Қытайлық шаруалардың еңбекқорлығы мен шыдамдылығынан үлгі алсақ етті.

Жарас КЕМЕЛЖАН,
Алматы-Хотан-Алматы

Қазына

Әлемнің әр шалғайында қолөнері мен тоқыма өнері жақсы дамыған. Өйткені бұл халықтардың тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі үшін өте қажет болды. Алайда «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей әр ұлт өз байлығын жарқырата көрсету үшін барын салары анық. Осы тұрғыда Түркия тұрғындары да тіршілік етудің тамаша түрі ретінде тоқыма өнерін ежелден таңдаған.



Пазырық аңғарында табылғандықтан, кілем сол аймақтың атымен аталады. Кілемнің негізгі шикізаты — қойдың жүні. Азияның орталық және батыс аймақтарында тұратын ел тұрғындары қой өсіретіндіктен, оның жүнін кәдеге асырудың барлық амалы қарастырылған. Жүннен тоқылған кілем тұрмысқа қажетті қолданылатын бұйымның төресі. Сонау IV-V ғасырдан бастау алған өнер, бүгінгі күнге дейін еш маңызын жоймады. Тек кілем тоқудың жаңа технологиясы дамығанымен, қолдан тоқылған кілем әлі күнге дейін қолданыста.

Түрік кілемдері көбінесе жекелеген үйлердегі станоктарда тоқылады. Кілем өндірісі жылына 30

Түрік кілемдерінің тарихы тым тереңде жатыр. Ел халқы қолдан кілем тоқудың негізін қалаушылардың қатарына жатады. Осы туралы әңгіме бола қалған жағдайда түріктер қолмен кілем тоқу бізден шыққан дегенді мақтанышпен айтады. Әрине, талас тудыратын мәселе баршылық. Дегенмен, түріктің тоқыма өнері әлем назарында тұр.



Кілемдері мен киімдері үлкен сұранысқа ие. Ең ежелгі кілемдер де Ыстамбұл мен Кония қаласының мұражайларының көркін кіргізеді. Әдемі әрі келбетімен көз тартатын түкті төсеніштер шын мәнінде, жұрт назарын аудартады. Тоқыма өндірісін тоқтатпай тұрған кілемдердегі түрлі суреттер мен өрнектер, геометриялық кескіндер расында да, ұлт өнерін ұлықтай түседі. Мұражайлардағы мұралар арасынан еш жерде кездеспейтін құндылықтарды көргенде, амалсыз бас шайқайсыз. Оның бірі — Сұлтан сарайының әрін ашып тұр. Ыстамбұл мұражайларындағы бағалы тоқыма бұйымдарының негізі Түркияның батысындағы Ұшак аймағында тоқылған. Бұл өндіріс кілемдердің сапасы



«Сине ілмегі».

Бұл атау Батыс Ирандағы бір аймақ атауымен байланысты шыққан көрінеді. Сине түйіні жіп тек арқау жіптің алдындағы жіппен байланады.

Тоқыма станогының түрлері: Киркитли тоқыма станогы: үстел үстіне орнатылады. Көшіп-қону барысында орнатуға өте ыңғайлы. Мекикли тоқыма станогы, қамшылы станогы, шұқыр станогы деген де бар.

Кілемдер негізінен

Милас, Демиржи, Ұшак, Ардахан, Горлес, Измир, Кыршехир, Бурса, Кония, Хереке, Нигде, Кайсери қаласында тоқылады. Соңғы жылдарда көбінесе қалаларда және ауылдарда арнайы зауыттар ашылууда. Тоқыма өнерін жаңа стандарттарда үйрету үшін арнайы мектептер ашылған. Бірақ зауыттан шыққан кілем мен қолдан тоқылған кілемнің бағасында айырмашылық көп. Мысалы, тоқыма өнерін қатан сақтайтын Муш қаласында тұратын Дәрия Явуз отбасы ел ішіне танымал. Олар шәкірттерге қолдау орталығында кілем тоқуды үйретеді. Бүгінде ұмытыла бастаған линт-тоқыма дәстүрін сақтайды. Осылайша, отбасын асыруға жетерлік қаражат тауып отыр. Осының өзі колөнерінің ұмытылмайтындығын уақыт дәлелдеп отыр.

Ахмет АТАК,
А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті



Қытайға сапарымыздың негізгі мақсаты – Шыңжаңдағы қазақ пен ұйғыр халқының қазіргі жағдайын, бас еркіндігін, саяси бостандығын көзбен көріп қайту болатын. Осы мақсатпен әлемнің он шақты елінен жиналған қырық шақты журналист Оңтүстік Шыңжаңда бірнеше күн аялдады. Бұл сапарға Қытайдың Алматыдағы консулдығы мұрындық болғанын айта кету керек.

Соңғы екі жылдан бері алдымен Америка мен Еуропа, содан кейін кейбір әлеуметтік желілерде «Қытайда мұсылмандар қысым көріп жатыр» деген тақырыппен мақалалар жарық көрді. Ақиқат пен аңызға айналған оқиғаны осы жолы көзбен көрдік. Он шақты елден келген баспасөз өкілдері жергілікті тұрғындармен кездесіп, мешіт-медреселерде, «саяси лагерь» атанып кеткен кәсіптік білім беру мекемелерін аралады. Бүгінгі жазбамыз сол «саяси лагерь» хақында болмақ. Үрімжі қаласында ондай мекеменің бірнешеуі барын естігенбіз. Бірақ бағдарламада көрсетілмегендіктен, ол жаққа жол түспеді. Ал Оңтүстік Шыңжаңның Ақсу мен Хотан қалаларында әлгі мекемелердің екеуіне бас сұқтық. Әңгімені Ақсудан бастайық. Біз елден естігенді емес, көзбен көргенді жаздық.

АЙДАЛАДА «АҚ ОТАУ»

Ақсудағы «саяси лагерь» қаладан 50-60 шақырым қашықта орналасқан. Ұшқан құс, жүгірген аң бармаса, адам аяғы жетпейтін бетпак дала. Бейне айдаладағы ақ отау дерсіз. Сырты биік темірлермен қоршалған, жатақханасы мен оқу ғимараты жапсарлас салынған аумақ алыстан көзге шалынады. Темір қақпаның сыртына тоқтадық. Ресейлік журналист Андрей Яшлавский тілмаштан «Мынау түрме ме? Қаладан неге алысқа салынған?» деп сұрады. Ол осы сауалды бізді қарсы алған әлгі мекеменің директоры Рәбиғұл Раматулақызына қойды. Қытайшаға сұдай ұйғыр келіншек: «Жоқ, бұл түрме де, сіздер ойлағандай саяси лагерь де емес. Бұл — кәсіптік білім беретін техникум. Болашақта бұл жерде үлкен зауыт ашылады. Осында оқып жатқан мамандар сол зауытта жұмыс істейді», — деп түсіндірді.



— Мұнда адамдарды кинап, жазалай ма? — деді ирандық Немет Ибраһим.

— Жок. Бұл жазалайтын түрме емес. Бұл — кәсіптік техникум. Сіздер канку сөзге еріп жүрісіздер. Бүгін шыныдққа көздерініз жетеді. Жүрініздер! — деп жол бастады.



Электр мамандары

Ішке ендік. Ұш қабатты ғимараттың кіреберісінен бастап түрлі ұран бірден көзге шалынды. Төте жазудан хабарымыз бар. Ұйғыр әріптерін ежіктеп басын қосып оқып жатырмыз. Енбек, уақыт, отанды сүю хақында жазылған қанатты сөздер. Одан ары екінші қабаттағы үлкен залға ендік. Бір қабырғасы тұтас айнамен қапталған. Бишілерге арналған залға ұқсайды. Бәрін алдын ала дайындап қойғандай. Біздің бас сұққанымыз сол екен, ұйғырдың он шақты қыз-жігіті мың бұралып билей жөнелді. Қонақтарды да биге шақырды. Одан ары оқу залына өттік. Кәдімгі мектептегі сияқты қаз-қатар тізілген парта мен орындық. Біз кіргенде жасы 25 пен 35-ті аралап кеткен сақа жігіттер мен қыздар ханзу алфавитін ежіктеп оқып жатты. Мұғалім не айтады, тәлімгерлер соны қайталайды. Әр елден келген тілшілер өздеріне бөлінген тілмашты қасына алып, әлгі студенттерге (директор солай таныстырды) сұрақ қойып жатыр. Бір-екі қайырым ұйғыршамызға сеніп, біз де әлгілерге тіл қаттық. Ең алдыңғы партада отырған қызға «Атыңыз кім?» дедім ұйғырша. Түсініп тұр. Бірақ менің жанымда тұрған директорына, бізге еріп жүрген Бейжің мен Үрімжіден барған шенеуніктерге қарап, сәл бөгіліп барып қытайша «Сөзіңізді түсінбедім», — деді. Мен де тықаттап қоймадым: «Ұйғырша сөйлеп тұрмын. Қалай түсінбейсің?», — деймін кенеше жабысып.



Ары қарай жұмған аузын ашпай қойды. Тек Үрімжіде бізді күтіп алған, Шыңжаң саяси үкіметінің қызметкері Зұлмұрат есімді ұйғыр келіншек болған, сол менің сөзімді ханзуша аударып жеткізді. Сонда ғана көзі қарақаттай жанған қараторы қыз «Атым — Айнұр. 26 жастамын. Бұл орталыққа 2018 жылы келгенмін», — деп, өзін таныстыра бастады. Айнұрдың айтуынша, ол Ақсу қаласының маңындағы ұйғыр қыстақтарының бірінде туып-өсіпті. Мектеп бітірген, жоғары оқу орнына түсе алмапты. Үй шаруасында жүрген қыз. Орталыққа келгенге дейін ханзу тілінен мүлде хабары болмаған көрінеді. — Мұнда қалай келдің? — дедім ұйғырша. Зұлмұрат ханзуша тәржімалап жатыр. — Интернеттен ислам діні туралы радикалды бағыттағы видео көріп, намаз оқыдым. Сөйтсем, бәрін кате істеп жүріппін. Сол үшін

жергілікті полиция мені тұтқындап, осында әкелді, — деді.

— Өзіңнің кате істегенінді қайдан білдің? — деді, бізбен бірге барған «Комсомолская правда» газетінің Қазақстандағы тілшісі Карлығаш. Ол сұрақты дұрыс түсінбеді ме, әлде жауап бергісі келмеді. Сәл бөгеліп: — 3 айдан кейін оқуым аяқталады. Емтихан тапсырамын. Егер одан өтсем, үйіме қайтамын. Ал сынақтан сүрінсем, тағы бірнеше айға қалып оқимын. Бұдан кейін намаз оқымаймын. Діни бағыттағы видеофильм көрмеймін. Қытай коммунистік партиясына адал қызмет етемін! — деп сөзінің соңын екпіндетіп аяқтады.

Нұрбия деген қызды да сөзге тарттық. 25 жаста екен. Бұл мекемеге 2017 жылы түсіпті. Ол да намазды интернеттен үйреніп, ауыл мешітіне барып намаз оқыған. Ғаламтордан радикалды бағыттағы фильм көргенін айтты. Ақсудың жанындағы Құлақ деген қыстақтан екен. Оқуын бітірсе, тігінші болып жұмыс істейтінін айтты. Бірақ Нұрбия ұйғырша қойған сұрақтарымызды түсініп, ана тілінде жауап берді.

ҚАТЕЛЕССЕН, ҚАЙТА БЕЙІМДЕЙДІ

Ақсудың «Комсомол базары» деп аталатын шағын қыстағынан келген, нағашысы қырғыз, 27 жастағы Құрметпен де сол оқу залында таныстық. Үрімжіде оқып жүргенде қазақ көрген, Қызылсу облысындағы нағашыларына барып, қырғызша тіл сындырған жігітпен тілдесу қиын болмады. Қырғыз әріптесім Азаматпен әп-сәтте сұхбаттасып кетті. Менің қазақша қойған сұрағымды да түсініп, тілі жеткенше қазақша сөйлеуге тырысты. Бір қазақ, бір қырғыз, бір ұйғыр болып шүйіркестік. Біздің тілмашсыз сұхбатымызға таң-тамаша болған Біріккен Араб Әмірліктерінен, Үндістан мен Пәкістан, Иран мен Ирактан келген журналистер үшеуімізді тамашалап тұрды. Одан соң бірі ағылшынша, бірі арабша сұрақ қойып жатты. «Сендер кай тілде сөйлесіп жатырсындар? Бір-бірілеріңді түсіне аласыңдар ма?», — дейді.

Қысқасы, ханзулар «Қайта тәрбиелеу орталығы» деп бейресми атау берген Ақсудағы әлгі бір ғана мекеменің өзінде жүзден аса адам өмірге қайта бейімделіп жатыр. «Қайта

бейімделіп» деп отырғанымыз — діни ұстанымын, түсінігін қайта қалыптастырып, бүгінгі қытай саясатын оқып, ханзуша тіл сындырып, кәсіптік білім алып шығады. Орталықтың директоры Рәбиғұл ханым бізге солай түсіндірді.

ХОТАН САПАРЫ

Хотандағы «Саяси лагерь» де қаладан қашық салыныпты. Бірақ шағын ауданның орталығында екен. Мекеменің іргетасы 2017 жылы қаланған. Мұндағы оқыту жүйесі Ақсудағыдан басқаша көрініді. Алдымен бізді маңдайшасына «Көркемөнер оқу ғимараты» деп жазылған төрт қабатты үйге алып келді. Ескістен бас сұққанымыз сол — ұйғырдың дан, нағра, думбақ, дутар, тамбирі ойына жөнелді. Алуан түрлі әдемі көйлек киген қыздар мың бұралып биге басты. Ұйғырдың ән-күйге бейім, биге әуес халық екенін шетелден барған журналистер де түсініп алғандай, алғашқыдай таңдану, тамсану байқалмайды. Видеоға түсіріп, бірге суретке түсу де азайған.

Мысырдан келген журналист Маһди «Бұлардың бәрі ислам дінін дұрыс түсінбегендер, яғни аласушылар ма?», — деп сұрады жергілікті басшылардан. Өзін сол ауданның әкімімін деп таныстырған Токтаһұн Махмұт: «Иә, бәрі ислам дінін интернеттен үйреніп, ланкестік туралы бейнероликтер көрген. Сол үшін осында түсіп, кәсіптік білім алып жатыр. Ханзу тілін үйреніп, нағыз мұсылман қандай болу керек екенін үйренуде», — деп түсіндірді.

Суретшілерді дайындап жатқан залға

шықты. Онысы бізге тәуір болды. Сұрақты шала-шарпы ұйғыршамызбен төтесінен қойдық. Менің көзіме түскен дүние мешіт Америкадағы сияқты не мұнара, не айы жоқ. Соны сұрадым. Жас имам «Мешітті ұйғыр ұлтының құрылыс үлгісі бойынша салдық. Сондықтан мұнара мен айлы қоспадық», — деп қарап тұр. Имамның сөзін тілмаштардан түсінген Біріккен Араб Әмірліктерінен келген Исмайыл Мұхамед: «Күмбез бен ай күллі мұсылманға ортақ белгі. Мешіт — Алланың үйі. Мешіт үлгісі барлық мұсылманға ортақ. Күмбез бен айы болмаса, мұның әдеттегі үйден қандай айырмашылығы бар?», — деп әрі түсіндірген болды. Ал Мәмәт имам



журналистің сөзін тілмаштан толық түсінсе де, мардымды жауап бермеді.

Имам Ақсуда 182 мешіт бар деген еді. Бірақ біз қалада үш күн жүргенде мұнарасы жоқ айсыз осы мешіттен басқа бірде-бір ғимарат көзімізге түспеді. Әлгі жас имам журналистердің сұрағының көбін

ендік. 15-20 студент төбесі көк сүзген Хан тәңірі шыңының күңгей бетін кенеп бетіне кестелеп жатыр.

Екінші ғимаратта кәсіптік білім алып жатқандар жайғасыпты. Мекеме басшысы Бұайшан есімді толық сары әйел. Ханзушаға ағып тұр. Бізді бірден екінші қабатқа апарды. Баспалдақпен көтеріліп келе жатқанда салдыр-гүлдір лауысты құлағымыз шалған. Сөйтсек, аспаздың әппақ халатын киген сайдың тасындай жігіттер қаз-қатар тізіліп алып, отсыз ошаққа сусыз қара қазанды аударып-төңкеріп, қол үйретіп жатыр. Қуырдақтың орнына көмір ұнтағын салыпты. Бұлар аспаздыққа жанадан келгендер көрінеді. Ал олардың қарсы алдарындағы жігіттер әбден ысылып алғандар. Тамақ істеп жатыр. Жалын қазанды ғана емес, ішіндегі қуырдақты шарпылды.

Тағы бір топ тәлімгер қамыр илеп, кеспе созуда. Директор ханым «Ұйғыр лағманын осылай созып дайындайды», — деп, Канададан келген Анна Викторияға ыммен түсіндірген болды. Орталықта шаштараз мамандарымен бірге бет әрлеуші, ауыл шаруашылық мамандары: мал дәрігері, бағбан, сондай-ақ механик, электрик, даяшы, қонақүй қызметкері, бала күтуші, үй қызметкері, массаж жасаушы сияқты бірнеше мамандық қамтылыпты.

Гүлжанат есімді ұйғыр келіншекті сөзге тарттық. Балалы-шағалы әйел де ғаламтор құрбаны. Ол «Биыл 33 жастамын. Бір ұл, бір қызым бар. Екі жылдан бері осы орталықта білім алып жатырмын. Бағаларымды күйеуім қарайды. Өзім мұнда бала күтімін және ханзу тілін оқып жүрмін», — деді. Белоруссиядан келген Алина Гришкевич сөзге араласып:

«Екі балалы әйел екенсіз. Бала күтімін не үшін оқып жатқаныңызды түсінбедім?», — деп күлді. Гүлжанат сәл тосылып «Хотанда, Үрімжі қаласында бала күтушіге жұмыс көп. Бұл техникумнан диплом алсам, жұмыс табу оңай болар еді», — деп түсіндірген болды.

— Мұнда қай жылы келдің? — дедім. — 2017 жылы. 2 жыл болды. — Екі жылдан бері бала күтімін оқып жатырсыз ба? — ?..

ҰЛЫ ӨЗЕН БОЙЫНДА

Бір байқағаным, мұнда да кілең ұйғыр ұлтының өкілі. Бәрі ханзу тілінде сөйлеседі. Тіпті өзара тілі келсін, келмесін бір-бірімен қытайша тілдесіп жатқандары. Азамат екеуіміздің қазақша-қырғызша әңгімеімізді құлағы шалып қалғандар, бізді ымдап күбір-сыбыр бола қалалы. Не деп жатқандарын анық ести алмасaq та, тілі бір тұскан екен деп жатқанын іштей сездік.

Айтпақшы, Хотан қаласының аты көне ұйғыр тілінде «Һас тасы» дегенді білдіреді. Шаһардың шетінде ұлы өзеннің табаны қансып жатыр. Көпірдің екі қапталы — темірден түйілген қып-қызыл раушан гүлдері. Бұл қала тұрғындарының асыл тасқа бай ұлы дарияға деген құрметі деп түсіндірді. Шілде-тамыз айларында Тянь-Шань тауының қары еріп, өзен арнасы суға толады. Қузде қайтадан тартылып қалады. Жұрт сол уақытта жаппай асыл тас іздеуге шығады. Біз барған кезде де өзен жағалап жүрген бірен-саран адам болды.

МҰНАРАСЫЗ МЕШІТ

Енді мешіттерге тоқтайық. Үрімжі қаласындағы ислам институтына барғанбыз. Сол жерде алғашқы мешітке кірдік. Ислам институтында ұйғыр, қазақ, қырғыз жастары білім алады. Іле-қазақ автономиялы облысының Тоғызтарау ауданынан барған оқып жатқан қандас бауырымыз Кастер деген жігітпен таныстық. Ол бөлек әңгіме...

Үрімжідегі сол мешіттен кейін, біз «Алла үйін» Ақсу мен Хотанға барғанда көрдік. Ақсу қаласындағы мешіт жатаған, аласа ғимарат екен. Бұрын бұл жерде көне мешіт болыпты. Қазіргі жана мешіт 1200 адамға арнап салынған. Бір қызығы, жас имам Мәмәт Ахмәт қытайша білмейтін болып

айналып өтіп жатты. Мысалы, «Мешітке бес уақ намаз оқыла ма? Жұма намазға жамағаттың келуіне рұқсат бар ма? Азан шақыруға ешқандай қарсылық жоқ па? Әйелдер мешітке келе ме? Үйде Құран көрім сақтауға бола ма? Өлген адамға жаназа оқыла ма?», — деген сауал болған. Ханзуша білмейтін имам қысқа-нұсқа жауаппен құтылды. Оның так-тұқ сөзінен түсінгеніміз, жұмаға тек ер адамдар ғана жиналады. Бес уақ намазды мешітке оқу міндетті емес көрінеді. Азан шақырмайды. Ал Әйелдер өз үйлерінде ғана намаз оқиды. Құран көрімді сақтауға тыйым жоқ. Жаназа мешітке ғана шығарылады. Мектеп жасындағы балалар мешітке келмейді.

Осы сауалдардан соң Мәмәт имам айлығы мен шайлығын айтып, тақырыпты басқа жаққа бұрып кетті. Оның үстіне, мешіттен танысуға бөлінген уақыт жарты-ақ сағат. Әңгіме сол арадан үзілді.

ЖАМАФАТСЫЗ МЕШІТ

Хотандағы «Жамағат мешіті» қаладағы ең көне, ең сәулетті ғимарат. 1848 жылы салынған мешітке 1997 жылы қайта жөндеу жұмысы жүргізіліпті. Имам отыратын михрабта Құран




Көріммен бірге қытайша тәпсір тұр. «Жамағат мешітінің» имамы Тұрсын Нияз: «Бізге үкімет су жүргізіп, ток, газ кіргізіп берді. Қазір намазхана әрі жарық, әрі жылы», — деп бастады әңгімесін. Намазхана деп отырғаны ұзын зал 3 мың адамға, даладағы ашық намазхана 4 мың адамға арналған. Қос мұнаралы мешіттің айы да аман екен. Бұл жерде де имамға әртүрлі сұрақ қойылды.

— Рамазан айы келе жатыр. Ораза ұстайсыздар ма? — деді Малайзиядан келген Ридуан Нұрул. — Ауыз бекіту әркімнің өзі еркіндей іс. Бірақ Жұнхуа мемлекетінің (ХХР-аem) саясаты ораза ұстаған жамағатқа тыйым салмайды. Үкімет ақша беріп, күнде кешке мешітке ауызашар беріледі. Ал сәресіні әркім өз үйінде ішеді. — деді.

— Сіздер, имамдар, жамағатқа ауыз бекітіндер деп айтасыздар ма? — деді. — Ауыз бекіту денсаулыққа пайдалы. Біз жастарға соны ғана айтамыз. Бірақ ешкімді міндеттемейміз. Ұлы Жұнхуа саясатын ұстанамыз!.. — деген Тұрсын имам әр сұрақтың соңын саясатпен сабақтастырып отыратын кісі екен. Айтпақшы, сол күні күн жұма болатын. Бірақ жұма намазға 7 мың адам жиналады деген Жамағат мешітінде бізден басқа адамдар болмады.

Біз көрген «лагерьлердің» жайы осылай. Қайтарда қазақ, қырғыз, араб, қытай бір-бірімізді қимай қостағастық. Ыстық ықылас, қонақжайлықтарына қош көңілмен аттандық!



Жарас КЕМЕЛЖАН, Алматы-Ақсу-Хотан-Алматы

Көз келген қоғамда, соның ішінде елімізде діннің маңызы ерекше екенін және жастар өмірінде белгілі орны барын ескеруіміз керек. Бізде түрлі діни ағымдар жұмыс істейді. Десек де, бүгінгі таңда мейірімділік пен татулық талаптарына сай, моральдық нормаларға толық жауап беретін дұрыс бағыттағы діни ағымдарды дұрыс танып, өзгелерден айыра білуіміз керек. Осы тұрғыдан келгенде, Алматы облысында сан түрлі дін арасындағы тұрақтылық пен келісім бекем орныққанын ерекше атап өткеніміз жөн. Өңірде түрлі ұлт өкілі мен сан тарау діни сенім иелері тоғысып, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Айталық, бүгінде облысымызда 616 діни бірлестік пен оның филиалдары жұмыс істейді. Оның ішінде, ислам мешіті – 450, православ – 52, католик – 11, протестанттық – 101 және 2 дәстүрлі емес діни бірлестік өз жұмысын заң шеңберінде атқарып келеді. Осы бірлестіктерде христиандық және дәстүрлі емес діни бағыттарында 305 діни қызметкер жұмыс істеуде. Христиандық және дәстүрлі емес діни бағыттарында білім деңгейі бойынша 55 жоғары білімді, 41 орта білімді, 209 курстан өткен қызметкер жұмыс істейді.

Ең бастысы, өңірдегі діни тұрақтылыққа баса назар аударылып, әрбір азаматтың діни сеніміне ешқандай шектеу қойылмайды. Тіпті діндер арасындағы талас-тартыста орын алған жок. Айта берсек, діни ұстанымдар, діни мерекелер, тағы да басқа шаралар өз деңгейінде атқарылып, жұрттың ықыласына бөленуде.

Адамзат баласы Адам Атадан таралған. Қасиетті төрт кітап — Забур, Тәурат, Інжіл, Құранда осыған қатысты нақты деректер бар. Әсіресе Алла тағаланың сөзі саналатын Құран Кәрімде бұл жайында егжей-тегжейлі айтылған. Сондықтан елде христиандардың қасиетті мерекесі Рождество Құрбан айтпен тең дәрежеде тойланады. Бұның өзі де дінаралық тепе-теңдік пен сыйластыққа, шынайы қарым-қатынас пен тұрақтылықты бекемдеуде табылмайтын бағдар болып отыр. Бұл тұрғыда Талдықорған қаласындағы Архангел Гавриил шіркеуінің иеромонахы Клавдиан Поляков былай дейді:

«Бұл мереке адамдардың бойына сенімнің, үміттің және сүйіспеншіліктің сәулесін дарытып, дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтардың айналасына біріктіріп жатыр. Рождество діндарлардың жүректерін ерекше қуанышқа, бақытқа және таза пейілге кенелтеді. Бұл өзара түсіністік пен мейірімділіктің, жақын жандарға қамқорлықтың және көмекке зәру адамдарға шынайы көңіл бөрудің уақыты. Адамгершілікке, мейірімге шақыратын Рождество пенделер арасындағы сыйластықты насихаттап, жақсы қарым-қатынасқа үндейді. Бұл мереке әрбір үйге қуаныш пен шаттық сыйлап, қоғамдық келісімді нығайтады. Сондықтан да біздің елде дінаралық және ұлтаралық келісім тұрақты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Көпұлтты Қазақстанның ең басты байлығы — ұлттар мен

болып, өз іштеріне тартатын секталар да елімізде кездесетіні анық. Басын әбден улаған соң, секталар оның да, ағайын-туыстарының да дүние-мүлкін өзіне аударып алған. Тіпті сондай жағдайға түсіп жатса да, басы шырмалған адам өзінің жем болып жатқанын түсінбейді. Ағайындарының айтқан ақылы да оның уланған санасына кірмейді. Бұл қоғамда басты тақырыпқа айналған.

Ата Занда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп анық



ТАТУЛЫҚ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

жазылған. Зайырлы мемлекет дегеніміз — ең алдымен, оқыту мен тәрбиелеудің зайырлы жүйесі деген сөз. Бұл — құқықтық және демократиялық мемлекеттің негізі. Сондықтан мемлекет мектептегі балалардың бір-бірінен діни, этникалық, әлеуметтік, мүлтікк немесе кез келген басқа кедергілер салдарынан окшауланбауы үшін барлық шараны қолданады.

Жастардың дінге деген көзқарасы ең алдымен оның дінге алғаш рет қай тұрғыда бетпе-бет келгеніне, оның эмоциялық жағынан қалай әсер еткеніне, сол бүкіл ақпаратты санасында қалай қорытқанына байланысты. Шындығында, әсіресе жасөспірімдерде өмірінің дәл сол кезеңдерінде дүниеге көзқарасы қалыптасады, санасы жетіледі. Осы өтпелі кезеңді дәстүрлі емес дін өкілдері дәп басып, ынғайларына қарай пайдаланғысы келеді. Сол кезеңде жастардың басын айналдырып, теріс пиғылды ойын санасына сіңіріп, теріс жолға сала алады. Осы тұста облыстық дін басқармасы мен діни бірлестіктер қоян-қолтық жұмыс істеу арқылы тағдыры тәлкекке түскен жандарға жақыннан жәрдемші болып келеді. Бұндай шаралар біздің өңірде де жиі орын алуда. Айталық, 19 сәуір күні Иса мәсіхтің өмірден қайтқан күніне орай Талдықорған, Текелі қалалары мен Еңбекшіқазақ, Қарасай, Іле, Талғар, аудандарында «Ехоба куәгерлерінің мәсіхшілдік қауымы» жергілікті діни бірлестіктерінде «Вечера воспоминания смерти Христа» атты жиын өтті. Кездесуде інжілдік оқылымдар және ән шырқау рәсімі жасалды. Аталған жиынға облыс бойынша 1000-ға жуық адам қатысты. Жүргізілген мониторингке сәйкес ұлт ерекшеліктері бойынша 75%-ы орыс, 15%-ы қазақ, 5%-ы басқа ұлт өкілдері. Жас мөлшеріне қарай орта жас — 50%, егде жас — 30%, жастар

білім беру мен тәрбиенің мәдени дәстүрінен іздеу керек деген пікірге тоқтайды.

«Кеңістік — барлық нәрсенің, ал уақыт — бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл — жай ғана әдемі афоризм емес», — деп Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атап өткен еді. Осы орайда, Алматы облысы дін істері басқармасы, Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының ұйымдастыруымен 19 наурыз күні «Ұлт тарихындағы уақыт пен кеңістік: дін, дәуір, дәстүр» атты діни бірлестіктер жетекшілерінің клубының Х отырысын өткізді.

Жастар жылы аясында өркениетаралық және дінаралық ынтымақтастықтың жаңа идеяларын ілгерілету, қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, жергілікті діни бірлестіктер жетекшілерінің өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызу және бірлесіп іс-қимыл жасау кезінде орын алатын мәселелерге

қорытуына бірнеше буын ғұмырын арнаған сол ақпараттар бүгінгі күні бірнеше жылда-ақ ескіріп қалуы мүмкін. Басқаша айтқанда, жастар жаңа ақпараттарды өз бетінше жеткілікті деңгейде қорытып, оның қолдану алгоритмін жасай алмайды. Соған сәйкес белгілі бір деструктивті діни бірлестіктер туралы ақпараттармен жұмыс істеу машығы жоктықтан солар үшін ойлап, солар үшін шешетіндерлiн ықпалында кетеді.

Жастар мен тәжірибесі жоқ азаматтар осындай ағымдармен бетпе-бет келгенде тығырыққа тіреледі. Олар өз қатарластарымен, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасаудан бас тартады. Психологиялық шиеленіс күшейеді. Тіпті олардың кейбірі кездейсоқ шешім қабылдайды. Біреулері үйден кетіп қалса, енді бірі өз-өзіне қол жұмсауға дейін барады. Әр түрлі жолмен сектаға тартылған көптеген жас уақыт өте келе, өз таңдауы үшін өкіне бастайды. Бірақ кателікті түзету қиынға соғады. Діни секталардың жетекшілері түрлі тәсілмен

(физикалық күш көрсету, психикалық қысым жасау т.б.) оларды қатарынан шығармауға тырысады.

Осындай жағдайларды болдырмау үшін облыстық дін істері басқармасы және жастар саясаты басқармасының

қатысты ортақ көзқарастарын қалыптастыруды мақсат еткен шара ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған көрмемен басталды. Жиналыста Алматы облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Ж.Қаратас, Алматы облысы Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының бас маманы С.Сұрабадинова, облыстық «Жетісу»

ұйымдастыруымен Жастар жылына орай, діни саладағы сауаттылықты арттыру және жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Жастар және болашақ» тақырыбында кездесу өтті. Талдықорған қаласындағы Жастарға қызмет көрсету орталығындағы жиында дін істерін зерттеу орталығының инспекторы К.Мүтебаев, Жария құқық кафедрасының



телеарнасының бас продюсері Ж.Жайлаубаев, Астана және Алматы Епархиясы «Талдықорған қаласы» Иоан-Богослов соборының приходы» ЖПДБ жетекшісі Н. Мағлшаров, «Приход Әулие Мәрия Ана» Рим-католиктік ЖПДБ жетекшісі Ю.Манковски.

Сонымен қатар қазақтың қонақжайлылығы, көңілінің мырзалығы, дәстүр мен діннің біте қайнасып, бөлінбес дүниеге айналғанын білдіретін көрмелермен де айышқатлды. Айта кетерлігі, ар-ұжданның ақ туын көтерген ата-бабаларымыз кейінгі ұрпағына ең басты байлық — дәстүрмен өрілген діліміз, ұлттық болмысымыз, салт-сана, әдет-ғұрпымызды аталардың батасымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарытып кетті. Осы қасиетті дәріптеген шараның жалғасы жиын қонақтарын қазақтың қара домбырасын жырға қосқан концерттік бағдарламаға ұласты.

Жастар жылы аясында өңір жастарын имандылыққа тәрбиелеуде, жат ағымдардың жетегінде кетіп қалмас үшін жұмыла жұмыс жүргізуде бірлескен жобаларды талқылау, жүзеге асыру кезек күттірмейтіні анық. Осы тұрғыда облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов: «Тұрғындардың, әсіресе жастардың дінтанулық сауаттылығын арттыру, дәстүрлі діни құндылықтарды насихаттау, діни төзімділікті қалыптастыру бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар мен басым бағыттарды жүзеге асыру жұмыстарын жүргізу аясында ҚМДБ-ның өңірлік өкілдіктерімен бірлескен ауқымды шаралар мен жобалар жүзеге асырылып келеді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында ұйымдастырылған «Рухани керуен» жобасына өңір имамдарының қосқан үлестері зор. Әр жылы діни басқармаға қарасты имамдардың діни, құқықтық білімдерін жетілдіру мақсатында интерактивті семинар-тренингтер, оқыту курстары ұйымдастырылады. Үстіміздегі жылы екі өңірде өткен 3 күндік оқыту семинарында 151 имам білімдерін жетілдірді», — дейді.

Бүгінгі әлемде ақпараттар легі және олардың сандық та, сапалық та өзгерістері өте жылдам қарқынмен артып келеді. Менгеруі мен

доценті К.Әбдуәлипова, ЖІЖК төрағасы М.Шәкенов баяндама жасады. Шараға аудан, қалалардың белсенді жастары, ЖОО және кәсіптік, техникалық білім беру мекемелерінің студенттерінен 300 адам қамтылды.

Сондай-ақ Талдықорған қаласындағы Журналистер үйінің мәжіліс залында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы және Жастар жылы аясында «Қазақтың дәстүрлі діни танымы» тақырыбында «Ғиратты қазына» рухани кештері телевизиялық бағдарламасының алғашқы түсірілімі болды. Өткізілген іс-шара барысында мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыру. Қазақстан қоғамында берік орныққан конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау және ұлттық құндылығымызды нығайту, дәстүрлі дініміз бен мәдениетіміз турасында жан-жақты пікірлер талқыланды. Онда ҚМДБ-ның Шығыс Қазақстан облысы бойынша өкіл имамы Е.Мұқатай, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ жастар жөніндегі тәрбие ісі жетекшісі Е.Немелбаев және жоғары білім оқу орындарының білімгерлері, дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының қызметкерлері қатысты. Осы жиналыста мектептер мен жоғары оқу орындарында әлемдік және дәстүрлі діндердің шіркеулеріне, соборларына, мешіттеріне жиі экскурсия жасауды ұйымдастыру керектігі айтылып, «Дінтану» курстарын жаппай енгізу ұсыныс етілді.

Елімізде бүгінгі күні діни сенім бостандығы бар. Әркім қай дінге сенемін десе де еркі, өзіне байланысты. Ең бастысы — ол адамдарды психологиялық жағынан жарымжан етпеуі, адамдардың тағдырын жарға жықпауы керек. Оларды елдің саясатына қарсы қоймауы тиіс. Жастарды радикалды діни ағымдардың ықпалында кетірмеу мақсатында облыстық дін басқармасы Ата Занымыздағы діни қағидаттарды үнемі БАҚ арқылы түсіндіру жұмысын жүргізуде.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Халқымыздың қайраткер тұлғалары С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Мендешев кезінде ұлт мәселесін жиі көтеріп, Сталиннің атына хат жазғаны белгілі. Қоғам қайраткері С.Қожанов та 1924 жылы бас хатшыға ел ішіндегі жағдайды ашық жеткізген. Бүгінгі әңгіме осы төңіректе өрбімек.

1924 жылдың бас кезінен Орта Азия республикаларының аумағын ұлттық-шекаралық тұрғыда межелуге дайындық басталды. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, тәжік, каракалпак



қосылатындығына байланысты оның аумағы кеңігеннен кейін астананы қазақтар тығыз орналасқан Сырдария облысына ауыстырудың қажеттігін дәлелдеді.

Екіншіден, қазақ делегациясы қазіргі уақытта Қазақ автономиясында еуропалықтар — 54, қазақтар 45 пайызды құрап отырғанын, компартиядағы коммунистердің 94 пайызы еуропалықтар екенін айта келіп, бұндай жағдайда ұлттық республика үшін компартияның ұлттық саясатты жүргізуі қиындыққа ұрынатынын алға тартты.

Үшіншіден, қазақ делегациясы халықтың сандық құрамына кенінен тоқталып, аумақта 5 500 000 қазақ барын және көрші Қытай мен Монғолияда тұратын миллионға жуық қазақтың қандастарымен байланысын көтерді. Бұдан арғы ойын С.Қожанов былай деп жазалы: «Түркістан облысындағы қазақтар осы уақытқа дейін

қаралған негізгі мәселенің бірі Қазақ АКСР-на Түркістандағы қазақ аудандарының қосылу жағдайы, барысы, қорытындылары болды. Пленумға Түркістан қазақтарының атынан қатысқан С.Қожанов, С.Есқараев, Ж.Бәрібаев және Түркістан ОАК-ті Қазақ АКСР-нің өкілі Т.Жүргенов ұлттық-аумақтық межелуге, астананы ауыстыру мәселесіне, ұлттық республика құру ісіне байланысты өткір пікір айтты. Осы мәселелерді іске асыру жұмысын жүргізуді талап етті. Әсіресе Сұлтанбектің ұлт мәселесіне байланысты өткір де орынды пікірі шовинистік оймен уланған Қазақ обкомының мүшелері Равдель, Ежов, Бах тарапынан қарсылыққа ұшырады. Өйткені қоғам қайраткері Қазақ обкомы

С.Қожанұлы Сталиннің атына жазған хатында бүкіл қазақ жері бір тудың астына біріктірілгеннен кейін оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, партия және кеңес ұйымдарында қалыптасып отырған келенсіз жағдайларды түзетіп, елдің ұлттық республика болып құрылып, алға дамуы жөніндегі ойын баяндады.

Ал 1924 жылы 29 желтоқсан күні Қазақ республикасының орталығын ауыстырудың қажеттілігіне байланысты жоғарыға атына екінші рет хат жазды. Онда белгілі бір тұлғаны айыптау немесе таптық принциптерге малданып, ұлттық мүдделерге қарсы сынаржақ, кереғар пікір білдіру атымен жоқ. Бұл хаттардың өн бойынан ішкі қарама-қайшылықтарды жою,

автономиясына қосылғаннан кейін, бұған дейін «сауықпаған, жік-жікке» бөлінген қазақстандық партия, кеңес ұйымдарындағы алауыздық одан әрі күшейді деген қауіп өмір шындығына айналды. Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болып жүрген кезінде өзара тартыс салдарынан болған аса ауыр саяси келенсіздіктермен күресті. Ол «жегікұрттай» іштен жеген топшылдық пен жершілдік, рушылдық алауыздықтар жөнінде оның мемлекеттігімізге, ұлттық тұтастығымызға қауіп жөнінде 1925 жылы мамырда өткен Қазақ өлкелік партия комитетінің алқа мәжілісінде былай деп мәлімдеді: «Қазіргі таңда біз еліміздің ішкі құрылысының қызу практикалық жұмыстарына көштік, соған сай, осыған

СҰЛТАНБЕКТИҢ ХАТЫ

халықтарының саяси және экономикалық өміріне тікелей қатысты жауапты шараны өткізу онай болған жоқ. Осындай қысылтаяң кезеңде Түркістан орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары, РК(б) П ОК Орта Азия бюросының мүшесі қызметін атқарған Сұлтанбек Қожанұлы Түркістан республикасының құрамында болған Сырдария мен Жетісу облыстарының аумағындағы біраз жерді иемденгісі келген өзге республика басшыларына батыл тойтарыс берді. Ұлттық-шекаралық межелуді жүргізу кезінде көршілерде қалып бара жатқан қандастарымыздың жағдайына байланысты бірқатар ұсыныстарға бастамашы болды. Қазақ автономиясының құқықтық мәртебесін кеңейтіп, одақтас республикаға айналдыру Сұлтанбек Қожанұлының басты армандары еді.

Жұмыс сол жылы 8 шілдеде Қазақ облыстық комитетінің мәжілісі Қазақ республикасының құрамына кіретін қазақ аудандарын басқару және қабылдау тәртібі туралы аймақтық комиссияға өкілдер тағайындау туралы мәселеден басталды. Нәтижесінде Орта Азия республикаларын межелу жөніндегі аумақтық комиссияның құрамына Қазаткомының әрі комиссия төрағасы С.Мендешев, егін шаруашылығы халық комиссары Ә.Әлібеков, комиссия мүшелігіне кандидат Т.Жүргенов бекітілген деген қаулы қабылданды. Түркістан қазақтары атынан С.Қожанов, Н.Сырғабеков, С.Есқараевтың кандидатурасы да бекітілді.

Комиссия өкілдері аумақтық межелуге, құрылғалы жатқан республиканың мемлекеттік құрылымына байланысты ұсыныс жасады. Қазақ автономиясына қосылатын облыстардың шекарасын анықтауға қатысып, аймақтағы халықтардың этнографиясына қатысты және басқа да керекті мәлімет жинады. Бұл қазақ комиссиясының сол кездегі дұрыс шешімдерінің бірі — ұлттық-аумақтық межелуді жүргізу барысында Қазақ автономиясын одақтас республикаға айналдыру жөніндегі орынды ұсыныс еді. Мәселен, Қазақ республикасы мен Түркістан облысы қазақтары делегациясының Орталық Комитет атына жазған «Орта Азиядағы ұлттық межелуге байланысты, Қазақстан жөнінде» деп аталатын хатта ұлттық-аумақтық межелудің қорытындысы бойынша Қазақ автономиясын одақтас республикаға айналдырудың негізгі тұжырымы айтылды.

Хат авторлары межелудің нәтижесінде Сырдария мен Жетісу облыстары және Түркістанның Амудария облысы, сондай-ақ Хорезмнің қазақтар мен каракалпактар мекендеген Хожелі облысының Қазақ автономиясына

толық егеменді республикаға өмір сүрмесе де, тең автономиялы жағдайда болып, өздеріне деген үкіметтің нақты көзқарасын қалыптастыра білді. Олар қазіргі уақытта Бұқарадағы, Хорезмдегі өз қандастарымен бірігіп, тәуелсіз Өзбек және Түркімен социалистік республикасын құрап жатқан өзбектер және түркімендермен бір жағдайда өмір сүрді. Хорезмнің Хожелі облысы халқының да саяси көңіл-күйін ескеруіміз керек. Қазақ автономиясындағы халық өмірінің өзекті мәселелерін қалыптастыру және басқару үшін федерация жүйесінде оның құқықтары мен мүмкіндіктері кеңейтілуі қажет. Түркістан облыстарының Қазақ автономиясына қосылуына байланысты оның шекарасы Қытай мен Монғолияға дейін ұзаралы және бұл шекараның ар жағында Қазақ АКСР-і мен туыстық және экономикалық жағынан тығыз байланысты қазақтар тұрады. Осындай жағдайда Қазақ автономиясының құқықтық жағдайын Орта Азия республикаларымен тең дәрежеде қайта құруды қажет етеді. Осы жағдайлардың бәрін ескерген Киробком биылғы жылы 26 тамызда болған пленумында бұл мәселеге байланысты бір ауыздан онды шешім қабылдады. Біздің қазақтар үшін межелудің нәтижесі жоғарыда айтылғандармен қатар, КСРО-ға тікелей кіретін Қазақ АКСР-ын тәуелсіз республика ретінде жариялау деп білеміз» (*Қазақстан*

президиумының мәжілістерінде Қазақ республикасының астанасын қазақ халқы тығыз қоныстанған аймаққа ауыстыру жөнінде бірнеше рет қаулы қабылдағанмен, «Істің шешілуі сол бұрынғы орнында тұр, ешқандайда дайындық жұмыстары жүргізілмеген» деп сын атқан еді. Ұлттық мәселелерді шешуде халқымыздың мүддесін көздеп: «Республикамыз ауыл шаруашылықты ел, елдің халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Қазақтар мен орыстардың малы бірдей болғанымен де, орыстардың иемденіп отырған жері қазақтарға қарағанда бес есе көп болып отыр», — деп ұлттық теңсіздікке баса назар аударды. Сондай-ақ, барлық іс қағазы орыс тілінде жүргізілетіндігін баса көрсетті.

1924 жылы қазан айында Мәскеуде өткен ВК(б)П-нің

қазақ ұлтының біртұтастығын қалыптастыруды аяқтау, мәселелер ұлттық мүдде тұрғысынан қойылғанын аңғаруға болады. Дегенмен, хатта айтылған ұсыныс-пікірі қолдау таппады. Соған қарамастан, 1924 жылы қараша айында жаңадан құрылған РК(б)П Қазақ обкомының жауапты хатшысы, 1925 жылы ақпан айында Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болып, 11 айдай қызмет атқарған кезінде өз ұсыныстарын іс жүзіне асыруға барын салды. Нәтижесінде, Қазақ автономиясының астанасы Орынбордан Ақмешітке ауыстырылды. 1925 жылы сәуір айында болған Қазақстан кеңестерінің жалпы қазақтық 5 конференциясында Сұлтанбектің ұсынысымен Ақмешіт атауы Қызылорда болып өзгертілді. Отарлаушылар бұрмалаған

дейінгі тоқырау жағдайында түзуге болған жағдайларға енді түзуге болмайды. Бізге біртұтас Қазақ республикасын құру, бұл республиканың ішкі жабықталуы, шаруаларға қызмет ету жөнінде кезек күттірмейтін шараларды атқаруымыз керек. Осы алдымызда тұрған орасан зор міндеттердің алдында, топшылдыққа төзу, бірін-бірінің ізін андумен айналысуға жол беру, бастықтарға жағыну, жаулық ниеттегі қандай да бір топтардың қолында тұрған істерді атқаруға жол беру — біздің тарапымыздан қылмыс болып саналады» (*ҚР ПМ. 141-қор, 1-т, 1129-с, 78.п.*) Бірақ ішкі алауыздық одан сайын өршілді. «Салпаң құлақ жалауыздар» жанып тұрған отты одан әрі үрлеп, қайраткерлердің өзіне «топшылдықтың жетекшісі» деген айдар тағып, орталыққа жалған арызды жөнелтіп жатты. Жеке бастың қамын күйттеген қорқаулардың арамза ниетіне орай, Мәскеу қазақ елінің басшылығына Ф.Голощекин секілді қолшоқпарын жіберді. Халқымыз үшін қасіретті қаралы кезең осыдан басталды.

С.Қожанұлының Сталинге жазған хатының мән-мағынасын түсінбегендер немесе қасқана бұрмалап, қайраткерді қарапайым көрсеткісі келгендер бұрында болған. Бұл бұрмалаушылардың басында Ф.Голощекин тұрды. Ол 1925 жылы қыркүйек айында Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келгеннен кейін, ұлт мүддесі жолында ештеңеден тайынбайтын тұлғаны елден кетіруге барын салғаны белгілі. Оны Сталин қолдады.

«Жарайсың, қызу қанды қырғыз!» Бұл пролетариат көсемі В.Лениннің кеңестердің Бүкілресейлік тоғызыншы съезіне делегат болып қатысып, сөз сөйлеген қайраткер Сұлтанбек Қожанұлына қарата айтқан сөзі. Бүкіл болмыс бітімімен, жан-тәнімен халқы үшін қызмет еткен «Қызу қанды қазақтың» саяси күрес жолынан тағылым алып, халқы үшін атқарған қызметіне тағзым етуіміз керек.

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰАУ-нің кафедра меңгерушісі, профессор



1924 ж. Орта Азия республикаларын ұлттық межелу жөніндегі комиссия. Оң жақтан орындықтағы бірінші Сұлтанбек Қожанұлы.

1924 жылы Орта Азия республикаларын ұлттық межелу жөніндегі комиссия. Оң жақтан орындықтағы бірінші Сұлтанбек Қожанұлы.



Республикасы Президентінің мұрағаты. 719-қор, 1-т, 336-с, 173-174.п.п.).

1924 жылы қыркүйек айының 25-28 күндері Қазақ облыстық комитетінің 2-пленумында

саяси бюросының мәжілісінде Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық тұрғыда межелудің қорытындысы жөнінде мәселе қаралды. Түркістандық қазақтар атынан мәжіліске қатысқан

«қырғыз» атауы «қазақ» деп қалпына келтірілді.

Өкінішке қарай, белсенді азаматтың бас хатшының атына жазғандай, Жетісу мен Сырдария облыстарының Қазақ



CHEVRON, CHEVRON Hallmark және HUMAN ENERGY Chevron Intellectual Property LLC-ің тіркелген сауда белгілері болып табылады. ©2019 Chevron U.S.A. Inc. корпорациясы. Барлық құқықтар қорғалған.

ДАМУ МЕН ӨРКЕНДЕУДІ ҰЛЫҚТАУ.

Ширек ғасыр бұрын «Шеврон» Қазақстанның әлеуетіне сенім артты. Серіктестерімізбен бірге Қазақстан экономикасына миллиардтаған доллар салдық. Мыңдаған жұмыс орындарын ұйымдастырдық. Сонымен қатар, біз мемлекеттегі ең ірі мұнай өндірушісіне айналдық. Бүгінде Теңіз кен орны әлемдегі мұнай өндіруші орындарының алдыңғы қатарында. Бұл дегеніміз әлеуетті пайдалана отырып, өркендеу. Бүгін және келер жылдар бойына.

Қосымша ақпаратты chevron.com/worldwide/kazakhstan/kazakh сайтынан қараңыз.

ОЙЫМЫЗ БІР.



human energy®



БАЛА ҚАРИ

«Құранды мәнерлеп оқудан» өткен республикалық байқауда алты жасар Нүртілеу Серікұлы жеңімпаз атанды. «Ең жас қари атанған» балақай қасиетті кітаптың 10 парасы мен аяттарды қатесіз оқып, 1 миллион теңгені олжалады. Өнерлі баланың әкесі Серік Сейітқасымұлының айтуынша, ұлы 3 жасынан бастап Алланың сөзіне ынта қойып, 200 беттен тұратын он параны жаттап алады. 9-10 жастағы аға-әпкесімен бірге құран оқуды үйренеді. Құран Кәрімді жатқа және мәнерлеп оқу бойынша VIII республикалық байқауға 558 қари қатысқан. Құранды мәнерлеп оқудан жарысқандардың арасынан 19 қари озып шықты. Ал алматылық Нүртілеу солардың арасында ең жасы.



АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖАЗАДЫ

Ақтаулық оқушы Аспарух Сұлтанмұрат АҚШ мемлекеттік білім департаментінің «Желілер арасында: әлем және жазушылық тәжірибе» атты екі апталық бағдарламасының жеңімпазы атанды. Аспарух Назарбаев зияткерлік мектебінде 11-сыныпта оқиды. Ағылшын тілінде жазған шығармасымен көзге түскен ол Айова университетінде 13-27 шілде аралығында өтетін курсқа жолдама алды. Дарынды бозбала: «Бағдарлама өте пайдалы болатынына сенімдімін. Өйткені АҚШ-қа сапар естен кетпес әсер мен тіл менгеруге тамаша мүмкіндік сыйлайды. Курста алған білімімді шетелдік университеттерге білім грантына үміткер болғанда барынша пайдаланамын», — дейді.



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ — Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН — жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Нұрлаулет ТАЛҒАТҰЛЫ —
Астана қаласы (8 775 501 33 38)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баиян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2165;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.